

#7

(943)

21 сәуір

2023 жыл

ГАЗЕТ 2005 ЖЫЛДЫҢ 7 ҚАҢТАРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

JAS QAZAQ

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ГАЗЕТИ



ISSN 2074-899X



9 772074 899002

@jasqazaqnews

vk.com.jasqazaq

Jasqazaq


Жас қазақ

jasqazaq.kz

jasqazaqkz

АЛДАНЫП ҚАЛҒАН АҢҒАЛДАР

«БӘЛЕН ЖЕРДЕ АЛТЫН БАР.
БАРСА – БАҚЫР ДА ЖОҚ»
ҚАЗАҚТЫҢ ДАНА НАҚЫЛЫ
ОҢАЙ ЖОЛМЕН АҒЫЛ-
ТЕГІЛ АҚШАҒА КЕНЕЛГІСІ
КЕТЕТІНДЕРГЕ АҚЫЛ БОЛМАЙ
ТҰР. «ЧИА ТАЙ» МОБИЛЬДІК
ҚОСЫМШАСЫНДАҒЫ
«ҚАРЖЫ САЛСАҢ, ЕСЕЛЕП
ҚАЙТАРАМЫЗ» ДЕГЕН
ЖАРНАМАҒА СЕНІП ҚАЛҒАН
АЛМАТЫЛЫҚТАР ЕНДІ
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТЕРГЕУ
ДЕПАРТАМЕНТИНЕН КӨМЕК
СҰРАП ЖҰР. ҚҰЗЫРЛЫ
МЕКЕМЕНІҢ ӨКІЛДЕРІ «ОҢАЙ
ОЛЖА ОРҒА ЖЫҒАТЫНЫН
АЙТА-АЙТА ЖАЛЫҚТЫҚ»
ДЕЙДІ.



KASPI.KZ САЯХАТҚА
ШЫҚҚАНДЫ ҰНАТАТЫНДАР
ҮШІН ЖАҢА СЕРВИСТІ ҚОСТЫ.
ЕНДІ KASPI TRAVEL БӨЛІМІНДЕ
ҰНАҒАН ТҮРДЫ ТАҢДАП,
САТЫП АЛУҒА БОЛАДЫ.
KASPI.KZ-ТІҢ БАСШЫСЫ ӨРІ
НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫЛАРДЫҢ
БІРІ МИХАИЛ ЛОМТАДЗЕ
БЫЛАЙША ТҮСІНДІРДІ: «БІЗ
ЖЕТЕКШІ ТУРОПЕРАТОРЛАРМЕН
БІРЛЕСІП, ТҮР ТАҢДАП, САТЫП
АЛУҒА АРНАЛҒАН ЖАҢА
СЕРВИСТІ ҚОСТЫҚ. ЕНДІ KASPI.
KZ-ПЕН ҰШАҚҚА БИЛЕТ ПЕН Т/Ж
БИЛЕТІН САТЫП АЛҒАНДАЙ,
СМАРТФОНЫҢЫЗДЫҢ
ЭКРАНЫНАН ТҮРДЫ ДА ЖЕҢІЛ
ӨРІ ОҢАЙ САТЫП АЛА АЛАСЫЗ.»

BRENT \$83.21

USD 454 T

EUR 498 T

RUB 5,5 T



БИЛІК

РЕФОРМАНЫҢ МАҚСАТЫ – ХАЛЫҚТЫҢ ӨМІРІН ЖАҚСARTY

* Қазақстан мұнай және газ өндіруші ел ретінде жаңа геоэкономикалық жағдайға бейімделуі керек. Экономиканы әртараптандыру – уақыт талабы әрі стратегиялық міндет.

* Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің тың тәсілдері қажет. Басты назарда – ішкі қауіпсіздікті сақтау, қорғаныс қабілетін күшейту, Қазақстанның және бүкіл Орталық Азия аймағының халықаралық деңгейдегі беделін арттыру.

ПРЕЗИДЕНТ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ТӨРАҒАЛЫҒЫМЕН ЕЛІМІЗДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕ КЕҢЕЙТІЛГЕН КЕҢЕС ӨТТІ. МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ӨЗ СӨЗІНДЕ САЯСИ РЕФОРМАЛАР ДАМУДЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІНЕ ЖОЛ АШҚАНЫН ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАНЫ ТҮБЕГЕЙЛІ ЖАҢҒЫРТУДЫҢ БЕРІК НЕГІЗІН ҚАЛАҒАНЫН АТАП ӨТТІ. АЛДАҒЫ УАҚЫТТА ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАТЫН МІНДЕТТЕРГЕ ТОҚТАЛДЫ.



* Заң мен тәртіп: ел азаматтары заңға бағынып, құзырлы органдар заң бұзушылықтың алдын алуы тиіс.

* Гидроқұрылымдар жан-жақты тексеріліп, апаттық жағдайда тұрған және қараусыз қалған нысандарды бақылауға алу. Қауіп-қатер картасын, су ресурстарын басқарудың бірыңғай ақпараттық-сараптамалық жүйесін жасау қажет.

* Ауылдың тұрмыс сапасын жақсарту – әкімдердің басты

міндеті. Ауыл тұрғындары таза сумен және тұрақты электр қуатымен, жылдам интернет, сапалы байланыспен қамтылуы керек.

* Халықты, жастарды жұмыспен қамту – Үкімет үшін аса маңызды міндет. Әкімдер бұл жұмыстың нәтижесін тұрақты түрде баяндауы тиіс.

* Сапалы медицина қолжетімді болуы қажет.



СЕРІКТЕСТІК



ДЕРЕК МАГНЕСС:

КОМПАНИЯНЫҢ ЕҢ БАСТЫ РЕСУРСЫ – АДАМ

еліміздегі ең ірі шетелдік инвестор екенін атап өтті. Ерлан

Қошанов Мемлекет басшысының, Үкімет пен Парламенттің басты міндеті – ұлттық мүдделердің сақталуын ескере отырып, шетелдік инвесторлар үшін қолайлы жағдай жасау екенін айтты. Мәжіліс төрағасы: «Елімізде мұнай-газ саласында білікті мамандар жетерлік. Біраз жерлесіміз шетелдің беделді оқу орындарында білім алып, трансұлттық компанияларда тәжірибе жинақтады. Жергілікті

мамандарға шетелдік әріптестермен бірдей жалақы төлеп, оларға сенім артуларыңызды сұраймыз», – деді.

Дерек Магнесс өз кезегінде компанияның ең басты ресурсы адам екенін атап өтті. Ол жергілікті кадрларды дамытуға инвестиция салуға, сондай-ақ компания орналасқан осы аймақтың дамуына қолдау көрсетуге дайын екендігін айтты. Ол Мәжіліс төрағасына компанияның депутаттар тарапынан айтылған барлық ұсыныстарға мұқият қарайтынын жеткізді.

Мәжіліс төрағасы Ерлан Қошанов «Шеврон» корпорациясының Еуразиялық бөлімшесінің Басқарушы директоры Дерек Магнесті қабылдады. Тараптар компания жұмысындағы отандық үлесті арттыру және әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру жөнінде пікір алмасты. Мәжіліс спикері корпорация басшылығын Қазақстандағы қызметінің 30 жылдығымен құттықтап, «Шеврон»

МЕНІҢ ПІКІРІМ

АҚПАРАТ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ, ЖАЛҒАН АҚПАРАТ ПЕН АДАМНЫҢ ОЙ-САНАСЫН АЛДАП-АРБАЙТЫН ӨТІРІК ХАБАРҒА ТОСҚАУЫЛ ҚОЮ ҚОҒАМДА ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫ БАЯНДЫ ЕТУДІҢ МАҢЫЗДЫ МІНДЕТІНЕ АЙНАЛДЫ. JAS QAZAQ-ТЫҢ «МЕНІҢ ПІКІРІМ» АЙДАРЫ БАҚ МАЙТАЛМАНДАРЫНЫҢ, БАСҚА ДА МАМАНДЫҚ ИЕЛЕРІНІҢ ОСЫ ТАҚЫРЫПҚА ҚАТЫСТЫ ОЙ-ПІКІРІН ҰСЫНАДЫ. АЙДАРДЫҢ БҮГІНГІ ҚОНАҒЫ – ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗҰУ ЖУРНАЛИСТИКА ФАКУЛЬТЕТІ ДЕКАНЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ, ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ КАНДИДАТЫ, ҚАУЫМДАСТЫРЫЛҒАН ПРОФЕССОР ҚАРЛЫҒА МЫСАЕВА.

XXI ғасырда интернеттің кең өріс алуы қоғамда жалған (фейк) ақпараттың көптеп таралуына әсер етуде. Бүгінгі таңда ақпарат алудың арзан және жеңіл жолы – әлеуметтік желі. Әлеуметтік желі арқылы таралған ақпараттың адам санасына, қоғамға, әсіресе, жастарға ықпал етуіне назар аудару да ақпараттық қауіпсіздікті сақтаудың бір тәсілі. Себебі, кез келген медиадағы белгілі бір хабарлама немесе ақпарат адамның көзқарасына немесе қоғамдық санаға әсер ететіні сөзсіз. Адамзаттың шамамен 78 пайызы әлеуметтік желідегі ақпаратқа сенеді. Тіпті әлемдегі көптеген өзгерістер, төңкерістер сол әлеуметтік желі арқылы ұйымдастырылуда. Әлеуметтік желі қазіргі интернеттің негізгі ақпарат тарату орталығына айналды. Десек те, әлі күнге әлеуметтік желілерді жаңа медианың жаңаша дамып келе жатқан ең ықпалды құралы ретінде қарастырып, онда ақпараттық

қауіпсіздікті қалай сақтау қажет деген сауалға толық жауап табылған жоқ. Себебі біздің әлеуметтік желіге деген қызығушылығымыз жақын арада жоғалып кетпейтіні рас. Біз студенттер арасында жүргізген сауалнама қорытындысында олар күніне орташа есеппен төрт-бес сағатқа дейін уақытын әлеуметтік желіде өткізетіні



Қарлыға МЫСАЕВА:

АҚПАРАТ ҚОҒАМДЫҚ САНАҒА ӘСЕР ЕТЕТІН КҮШ

анықталды. Олардың көпшілігі ақпаратты әлеуметтік желі арқылы бөлісуді дұрыс санайды. Мұндағы басты мәселе – біз әлеуметтік желіні қылмыскерлерден қауіп төндіретін орын емес, бейресми, көңіл көтеретін кеңістік ретінде қарастырамыз. Өкінішке орай, дәл осы көзқарас хакерлердің жаңа құрбанын табуға көмектесетінін біз біле бермейміз. Себебі, киберқылмыскерлер әлеуметтік медианы жалған профильдер құру және достасу арқылы адамдармен байланысу үшін пайдалана алады. Электрондық хаттардағы сияқты, киберқылмыскерлерге «досының досы» сияқты олар бір адамның достығы арқылы, сол адамның басқа достарымен «достасу» үшін де

пайдалануы мүмкін. Бұған «Миа Эш» оқиғасы мысал болады. Хакерлер фотограф «Миа Эш» деген атаумен лондондық 30 жастағы екі жоғары білімі бар, танымал фотограф қыздың жасанды профилін жасайды. Олардың басты мақсаты – корпоративтік қызметкерлермен бірлесіп жұмыс істеу желеуімен байланыс жасау арқылы, сол компаниялардың дерекқорына қол жеткізу болған. Хакерлер сенім тудыру үшін Миа Эш-ке Facebook пен LinkedIn-де шамамен 500-ден астам дос жинайды, яғни оны шынайы адам ретінде көрсетуге тырысады. 2017 жылы америкалық Secure Works киберқауіпсіздік компаниясының мамандары оның жалған профиль екенін бір компанияның қызметкерімен достасу арқылы дерекқорына вирус енгізген кезде анықтаған. Сондықтан әлеуметтік медиа платформаларындағы құпиялылық параметрлері пайдаланушыларға олар жариялаған ақпаратты кім

көре алатынын басқаруға мүмкіндік береді. Әлеуметтік медианы пайдаланушылар әрқашан өздерінің құпиялылық деңгейін білуі керек және параметрлер өзгерген сайын оны жүйелі түрде қарап шығуы керек. Бұл да ақпараттық қауіпсіздікті сақтау және жалған ақпаратпен күресудің бір жолы екені сөзсіз.

Қорыта айтқанда, әлемде күн сайын 230 000 вирустық бағдарламаның жаңа түрлері пайда болып, 4000-ға жуық вирустық шабуыл жасалады екен. Сондықтан ақпараттық қауіпсіздікті қалай сақтау керектігі туралы қоғамға арнайы сауаттылық мәселесіне жоғары деңгейде назар аудару керек.

Әлеумет.t⁰

САТЫДАҒЫ СЕРГЕЛДЕҢГЕ ШЫРМАЛҒАН БІРНЕШЕ ОТБАСЫ. ЕКІ ҮЙДІҢ ҮКІЛЕП ОТЫРҒАН ҰЛЫ БІРІ СОҚҚЫДАН, ЕКІНШІСІ ӨЗІНЕ-ӨЗІ ҚОЛ ЖҰМСАП, ҒҰМЫРЫ ҮЗІЛДІ. ҚАЙҒЫНЫҢ ҚАРА БҰЛТЫ БҮРКЕГЕН ШАҢЫРАҚТАҒЫ АҢЫРАҒАН АНАНЫҢ, ОМЫРАУЫН ЖАС ЖУҒАН ӘКЕНІҢ, БАУЫРЫНАН БЕЙБІТ КҮНДЕ АЙЫРЫЛҒАН БАЛАНЫҢ ЗАРЫ КІМГЕ, ОБАЛЫН КІМ АРҚАЛАЙДЫ?

Бұған дейін жазылғандай, Алматы облысы, Кеген ауданы, Саты ауылындағы қайғылы жағдай төбеден жай түсіргендей болды. Кеген Кеген болғалы, мектеп оқушыларының арасындағы әлімжеттік осындай адам өліміне әкеп соқтырған суық хабар болды ма? Өзіміз ес білгелі естігеміз жоқ. 7-сыныптан облыстық спорт мектебіне қабылданып, екі жылын өткізіп, ауылға оралған соң бүтіндей бір мектепті «шырқ үйірген» теліні тезге салуға асықпауымыз «қолымызды мезгілінен кеш сермеуге» әкеп соқты. Өкініштісі, мұндай есерлердің есерсоқтығы мен қанішерлігі бейкүнә қызғалдақ ғұмырды қыршынан қиып түсіп жатыр. Әлімжеттік артып, «алым» есебінде қаражат талап етудің ақыры осындай қасіретке ұрындырды.

Өскемендегі жаға ұстатарлық жағдайдың бейнежазбасын көруге жүрегің дауаламайды. Қазақтың қаршадай қызының жүрегі беріш боп кеткен бе дейсің. Еденге екі бүктеп тастап, итше тепкілеп, онымен қоймай киімін тұттай шешіп алып масқаралаудан артық қорлау, психологиялық қысым бар ма? Шешесі қалалық білім басқармасында істейтін малданып, өзгелерді малша тепкілей берудің жазасын арқалайды әлі әлгі есерсоқ.

2019 жылы Ақтөбе облысының Шалқар қаласындағы екі мектеп оқушылары «арадағы әңгімені» сөзбен емес, таяқпен тарқатпақ болып көл жағасында қан-жоса төбелеседі. Тіпті арасында бір оқушы пышақ жарақатын алып, ауруханада демі үзілді. Осындай қайғылы жағдай 2021 жылы Түркістан облысында қайталанды. 5-сынып оқитын қаршадай баланы бір сыныпта, бір партада отыратын сыныптасы дәретханада аяусыз ұрған. Ақырында бала ауруханада жан тапсырды. Немересінен ай мен күннің аманында айрылып,

білмей ме? Білуімізше, ол да себеп емес. Ең негізгі себеп – бала әлімжеттік жасайтындардың үстінен шағым айтса, өз ортасында «тоқылдақ, тотықұс» атанады. Қатарластырының келемеждеп күліп, келеке етуі де балаға психологиялық қысым. Үлкендерге айтайын десе, әлгіндей шырмау бар. Бұға берсе, таяқтан көз ашпайды. Ақырында өзіне қол жұмсап тынады.

Ата-ана мектеп ұжымына, мектеп үйдегі тәрбиеге өңгеріп қойып отырудан осылай опық жеп келеміз. Ұлттық тәрбие, үлкенді сыйлау,

ҚОРҒАНСЫЗДЫҢ КҮНІ

НЕМЕСЕ МЕКТЕП ОҚУШЫСЫ «ТОҚЫЛДАҚ» БОЛҒЫСЫ КЕЛМЕЙДІ



қабырғасы сөгілген әжесінің «сыныбының атаманы санайтын бұзақы жуас балаларды түртпектеп, ақша әкелмесе ұрады» деп шырылдағаны сай-сүйегімізді сырқыратқан. Осы облыста күні кеше 15 жасқа енді толатын қыз баланы да жоғары сынып оқушылары ақша үшін бопсалаған. Бопсалағаны – бақандай 1 миллион теңге. Мектеп оқушысы мұндай қаржыны қалай тауып берсін? Әжесінің қолына келіп оқып жүрген қыздың өлімі жұмбақ. Туғандары оның өз-өзіне қол жұмсағанына сенбейді.

Мектептегі оқушы неге қорғансыз? Әлде кімге шағынарын

кішіні құрметтеу, балалардың бір-біріне бауыр екенін түсіндіретін арнайы пән енгізу қажет, бәлкім? Өйткені бүгінгі күннің баласын Тик-Ток телміртіп, Инстаграм иінін басып, басқа да әлемжелінің шырмауы орап алған. Алақандай ауылда бірін-бірі ұрып өлтіріп жатқан балалар – қырық құрау шатадан емес, керісінше, бір бұрау атадан тарайтын ұрпақтың тармағы. Мектептегі әлімжеттікті тыймасақ, оқушы өлімі азаймайды! Емен есіктің арғы жағында алқалы жиын ашып, жазықтыларды жауапқа тарту бұған тоқтау бола алмайды.

КВКЖИЕК

**ҚЫРЫҚ ЖЫЛ ҚЫРҒЫННАН
КӨЗ АШПАҒАН БҰЛ ЕЛ ҚИЫН
СӘТТЕ ҚОЛ ҰШЫН СОЗҒАН
ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНА ДӘН РИЗА.
МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ
ТАПСЫРМАСЫМЕН
АУҒАНСТАНҒА 5 403 ТОННА
АЗЫҚ-ТҮЛІК (ҰН, ӨСІМДІК
МАЙЫ, СҮТ ТАҒАМДАРЫ) МЕН
ДӘРІ-ДӘРМЕК ТЕМІРЖОЛМЕН
ЖЕТКІЗІЛДІ.**



АҚЖАРЫЛҚАП ЗАМАНДЫ АҢСАҒАН АУҒАНСТАН

Қайырымдылық көмекті жергілікті билік өкілдеріне Үкімет басшысының орынбасары-сауда және интеграция министрі Серік Жұманғарин бастаған делегация тапсырды. Сауапты тірлік қасиетті Рамазан айында атқарылды. Бұған айрықша тоқталған С. Жұманғарин еліміздің қолдауға аса мұқтаж Ауған халқына қарайласып жатқан санаулы мемлекеттің бірі екенін айрықша атап өтті. Американдықтар кетіп, мемлекет тізгіні тәліптерге тигелі ғаламдық қоғамдастық пен қаржы ұйымдары бұрынғыдай жомарт емес.

Тәліптер билігімен өзара сауда-саттық жанданып келеді. Күрделі логистикаға қарамастан, былтырғы сауда айналымы 987,9 млн долларға жеткен. Бұл бұрнағы жылғы көрсеткішпен (474,3 \$) салыстырғанда 2,1 есе көп. Ал биылғы жылдың алғашқы екі айында сауда-саттық көлемі күрт ұлғайып, 282 млн доллардан асты.

Есепке жүгінуіміз бекер емес. Болашақты болжай білетіндер бұл елдің әйтеуір бір ес жинап, тоқ тіршілікпен қауышатынына сенімді. Соған орай қазірден қам жасап

жатқан жайы бар. Бұлай деуге әлемдегі геосаяси ахуалдың өзгере бастауы, экономикалық мүдде, соның ішінде транзиттік тасымалды ұтымды пайдалана отырып, сауда-саттықты жандандыруға жаңа мүмкіндіктің пайда болуы себеп.

Осы орайда Солтүстік-Оңтүстік дәлізін айтқан жөн. Оның бір тармағы – теңіз жолдарынан жырақ жатқан Қазақстан мен Орталық Азия елдерінің Ауған жері арқылы Пәкістанға, одан әрі Үнді мұхитындағы

айлақтарға шығуы үшін таптырмайтын төте жол. Бұған дәлел ретінде ТрансАуған жобасын айтуға болады. Ол Термез (Өзбекстан) – Мазари – Шәріп – Кабул (Ауғанстан) – Пешавар (Пәкістан) бағытымен шойын жол салуды көздейді. Жоба іске асып жатса, біздің отандық өнімді Таяу Шығыс пен Оңтүстік Азия өңірлеріндегі тұтынушыға қысқа мерзімде жеткізетін даңғыл

ашылады. Айта кету керек, Қытай да осы бағытқа ұласу мақсатымен қырғыз бен өзбек аумағы арқылы өтетін теміржол құрылысына ықылас танытып отыр.

Соғыс пен қырқыс әбден титықтатқан Ауғанстанның ахуалы аянышты. Дейтұрғанмен, «Жыртық үйдің құдайы бар» демекші, елдегі анықталған қазба байлықтың бағасы 1 триллион долларға жуықтайды. Сарапшыларға жүгінсек, таулы өлкеде темір, мыс және алтынмен бірге литийдің мол қоры бар. Аккумулятор батареясы өндірісіне қажет литий – кездесе бермейтін сирек метал. Оны мамандар «ақ мұнай» деп те жүр.

Тұрақтылыққа алаңдап, ақжарылқап заманды аңсаған Ауған жұртының ендігі арманы – инвестиция тартып, халық қазынасын игілікке жарату.



Срайыл
СМАЙЫЛ



Бүгінгі күнге жеткен белгілі деректер тобынан анық белгілі болатын нәрсе – Жамбылдың өз өлеңдерін домбыраға қосып шығарғаны. Домбыраға қосып өлең шығару және домбыраға қосылып өлең айту – екеуі екі басқа нәрсе. Суырыпсалма ақынның шығармашылығы үстінде домбыра туар шығарманың ырғағын табуға қызмет етеді. Осы ойға сүйене отырып, суырыпсалма ақынның шығармашылық еңбегінің тақырыбы белгіленіп, ақындық ой өзегі айқындалғаннан кейінгі сатысы болашақ шығарманың ырғақ жүйесінің тууы деуге болады. Екінші жағынан, ақын домбыра пернесін қуалай басып отырғанда, ойдағы шығармасының ырғағын тауып қана қоймайды, оның әуезін, мақамын таңдап табады. Ал әуез, мақам белгілі оймен, белгілі бір мазмұнмен, мән-мағынамен тікелей байланыста туады. Ырғақ, әуез иә мақам мен саз суырыпсалма ақынның шығарар өлеңінің құрылым-жүйесі мен эмоциялық мазмұнының үнге айналған түрі, дыбыстық пішіні деуге лайықты. Сөйтіп, Жамбыл тәжірибесіне сүйеніп, суырыпсалма шығармашылық сатыларын былайша жүйелеуге болады:



а) тақырыптың тууы мен ақынның шығармашылық ой өзегінің айқындалуы; ә) тақырып пен шығармашылық ой өзегінің дамып, пісіп-жетілуі; б) туар шығарманың ырғақ жүйесінің анықталуы; в) туар шығарманың эмоциялық мазмұнының айқындалуы. Кейінгі екі саты ырғақпен,



сылдыраған келісім жүйесімен тікелей байланысты. Бұл жүйе дыбыс немесе ой деңгейіндегі мөлшерлі, өлшемді

жай қайталау емес, күрделі қайталау нәтижесінде туады. Сонымен бірге белгілі бунақтардың қайталану жүйесінен мағыналық-құрылымдық табиғаты күрделі құбылыстардың қызметі айрықша маңызды екенін де ескеру керек. Ақын өз өлеңін бір деңгейдегі, бір тектес құбылыстардың қайталануына ғана құрып қоймайды, әр түрлі деңгейдегі немесе әр тектес құбылыстардың бір емес, бірнеше, бір түрлі емес, әр түрлі деңгейдегі қайталануына негіздейді. Бұл жерде жалқының егізге айналуы, қарама-қарсылықтар жүйесінің жарасқан келісімге ұласуы, өзгерістердің сатылы дамуға көшуі – бәрі де бар. Олай болса, өлең тармақтарындағы буын мен бунақ сандарының өлшемді, мөлшерлі қайталануынан туатын ырғақ дыбыстық қана бірлік емес, ол – санды сапаға, пішінді мазмұнға көшірудің басты құралы. Сондықтан да өлең ырғағы – сандық

ЖАМБЫЛ

қана емес, сапалық та құбылыс. Онда суырыпсалма ақынның ойлау жүйесі де көрініс тапқан.

Жоғарыда аталған кезеңдер ақындық импровизаторлық процестің құрамдас және бастапқы сатылары болып табылады. Ең негізгі саты – суырыпсалма ақынның өз туындысын жасап шығаруы, айтуы. Бұл – бөлшектеуге келмейтін біртұтас әрі күрделі процесс. Оны құрамдас бөліктерге талдау ауыр болғанмен, шығарманың мағыналық-құрылымдық жүйесін байымдай отырып, ақынның импровизаторлық ойлау жүйесінің бағытын анықтау қиын емес.

Өнер алды – қызыл тіл,

Тілде жүйрік ол – дүлдүл.

Ақынның мұхит теңізі

Пушкинге бүгін – бір жүз жыл! –

Алғашқы шумақ. Хабар сипаты жалпы. Өлең өзегі Пушкиннің қайтыс болуына 100 жыл толуына арналғаны осы бастапқы шумақтан-

ақ анық аңғарылып тұр. Өлеңнің келесі түйдек-бөліктерінде ақын тақырыпты бейнелі, образды түрде толғауға көшеді. Ақын толғанысының асыл өзегі – Пушкиннің өлмейтіндігі, мәңгі тірі екендігі туралы ой. Өлеңде бұл ой түрлі аяда бірнеше образды сипатта баяндалады.

*Менің айтқан жүз жылым –
Өлім емес, өмірі!*

*Өмірде оның өлмейді,
Ел сүйген таза көңілі.*

Өлең Пушкиннің өлгеніне 100 жыл толуына арналған. Бұл ой алғашқы шумақтың соңғы тармағында анық айтылады. Келесі шумақтың алғашқы тармағында ақын Пушкин өлгелі бері өткен сол жүз жылды қайталап айтады. Мұның өзі екі шумақтың

*Пушкиннің жыры – дәл сондай
Әлемнің ажар-көрігі.*

Алмастыру, теңеу, шендестіру, т.б. – ақын өлеңінде осылардың бәрі бар, әрқайсысы өз орнында тұр. Оларды басқа сөздермен алмастыруға да, басқа тәртіп-жүйеге түсіруге де болмайды. Алғашқы жеті тармақ тұтасып жатқан екі түрлі суреттен түзілген. Оның бірі – хор қызы қырмызы жібектен тіккен кесте. Екіншісі – қанатын жазған тауыс құс бейнесі. Ақын бұл екі сурет, екі образды да Пушкин жырларының әлемге ажар берген көркемдігі мен көріктілігін таныту мақсатында пайдаланады.

*Шам-шырақ деген тас жатыр,
Теңіздің терең түбінде.*

*Сүңгіп адам соны алар
Шам қылуға түнінде.*

тіккен кесте, тауыс құс секілді мына жыр жолдарындағы шам-шырақ та ақын көңілінде бұрыннан бар, бұрыннан сараланып, тиісті түрге түскен образдар жүйесінің бірі болуы мүмкін. Шам-шырақтың өшпес, сөнбес қасиетін айтып келіп, Пушкин жырын сол шам-шыраққа балау, шам-шырақ секілді өшпес сөздің иесін өлмес жанға санау – қуатты ақындық таланттан хабар беретін шығармашылық шешім. Артына өлмейтұғын сөз қалдырған ақынды өлді деуге қимау сезімі, дәл осындай таным Абайда да болғаны белгілі. Артында өлмейтұғын сөз қалдырған сөз иесіне деген мұндай сезім мен таным қазақтың екі дара ұлы ақындарының адамгершілік нысанасы мен ақындық тұрғысында терең туыстық, тектестік барын көрсетеді.

Ақын пайдаланған образдар халықтың ақындық танымында

ЖӘНЕ ЗАМАН

мағыналық және құрылым-жүйе тұрғысынан сабақтасып байланысуын қамтамасыз еткен. Кейінгі, жаңа ойдың өзі осы қайталаудан басталады: Пушкин дүниеден көшкелі бері өткен 100 жыл Пушкиннің өмірсіз өткізген жылдары емес, өмірлі жылдары деген ой түйінделеді. Өлеңнің келесі шумақтарында Пушкиннің өлмес өмірлі болуының себептері жайы суреттеледі:

*Әлемге шыққан аты бар,
Алтынмен жазған хаты бар,
Күн сөнбей ол сөз сөнер ме?!*

Өлеңнің келесі шумақтарында осы ой одан әрі жалғасып, дамып, ұлғая береді.

*Шыңдағы шынар – өмірі,
Қиялы – жібек қырмызы.
Кестелеп тіксе хор қызы,
Шытырмақ шимай гүл шығып,
Тауыс құс жазса қанатын,
Көз тартып көркі алатын
Патсайыдай құлпырып.*



*Май құйған шам сөнсе де,
Шам-шырақ сөнбес өмірде.
Жақсы сөз бейне шам-шырақ,
Орнаған мықтап көңілге.
Жақсы сөздің иесін,
Ұйғара алман өлімге.
Олай болса Пушкинді
Тірі деп керек сенуге.
Шам-шырақ – күрделі образ.
Ілгеріде көрсетілген хор қызы*

ежелден қалыптасып, ғасырлар бойы жетіліп, дамып отырған дәстүрлі образдар қатарына жатады. Жамбыл Пушкин шығармаларының көркемдік болмыс-бітімін хор қызы тіккен асыл кестеге, әлемдегі ең сұлу да көркем түсті құс тауысқа балағанда, олардың мағыналық жарық-нұрын өмірі өшпейтін, өмірі сөнбейтін мәңгілік жарық көзі шам-



жамырай табысып жалғасып жатуы өмір құбылыстарының шетсіз де шексіз бай байланыстарын мейлінше кең қамтуға ұмтылған үлкен талантқа ғана тән.

Жамбылдың ақындық мұрасына тән бірнеше ерекшелік бар. Ол ерекшеліктер ақынның ойлау, ой толғау таланты мен дүниетанымына тән қасиеттерден бастау алады. Ақын не айтса да, не туралы сөйлесе де, не

шынайы әрі шырайлы толғағанда да бір-ақ нәрсені айтады, бір-ақ нәрсені толғайды. Ол – шындық.

Шындық кісінің қолы жетпейтін аспандағы құс емес, ұстатпайтын судағы балық та емес. Шындық деген – кісінің өзі. Оны көру оңай болғанмен, тану қиын. Тани қалған күннің өзінде де оны сол танылған қалпында ұғып, сол қалыпта айту – қиынның қиыны. Ал айтыла қалған жағдайда, оған тоқталмауға,

ЖАМБЫЛ

шырақпен шендестіреді. Сөйтіп, ақын өлеңінің суреттілігін түзетін бейнелеу құралдарының бір тобы сыртқы ажар, пішін сұлулығындағы ұлылықты, тас бұлақтың суындай сылдырап жарасқан ұлы келісімді көрсетсе, екінші тобы сапалық қасиетті, өшпес те өлмес болмысты бейнелейді. Бұл екі сала көркемдік бейнелеу құралдары мен тәсілдері ақын өлеңінің мағыналық-құрылымдық жүйесін, түйдектерін түзуші фактор қызметін атқарады.

Өлеңнің мағыналық құрылым жүйесі келісті. Оны былай сипаттауға болады: а) бастапқы ой (тезис) – Пушкиннің өлгеніне жүз жыл толуы; ә) бастапқы ойды теріске шығару (антитезис) – Пушкиннің мәңгі тірі екендігі, өлмейтіндігі туралы ой; б) талдау мен жинақтау. Өлеңнің біз талдап отырған бөлімі осындай өзара сабақтас, өзектес бірнеше бөліктен тұрады. Олардың бәрі бір-бірімен жанасып, астасып, өзара сабақтасып жатыр. Мұның өзін ақынның ойлауындағы бірін-бірі шақырып, бірін-бірі қуалай жарысып, бірімен-бірі терең тоғысып жатқан ой мен сезім толқыны десе болғандай. Суырыпсалма шығармашылық процесіндегі ақындық ойлаудың, ақындық ойлаудағы ой мен сезімнің мұндай бірін-бірі қуалай, өзара

жайында толғанса да, анығын айтады, қысқа да нұсқа айтады, орынды әрі оралымды айтады, шынайы да шырайлы толғанады. Арына, намысына қозғау салған, елді, халықтың мұратына қарама-қайшы, қарсы келетін, адамдықтан, адамгершіліктен алшақ тұрған өмір құбылыстарымен бетпе-бет келгенде, ақын таланты суаруы келіскен наркескендей жарқылдап, жүзінен жасын жыр шашыратқандай болады. Ақынның өзі де, Мұхтар Әуезов аңғарғандай, қарсыласының қалт еткен мінін қылп еткізбей бас салып, ақырында оның өзін де, мінін де сара тіліп, сорын қайнатып шығарады. Осының бәрі Жамбылдың көзінің қырағы, көңілінің сергек екендігін, ойының терең, танымының кең екендігін танытады. Сонымен қатар ақынның айту, жырлау, толғау шеберлігі де мінсіз, тәңірдің дарытқан қасиетіндей кінәратсыз, күннің нұры секілді тап-таза. Бұлардың қай-қайсысын да ақын өзінің шығармашылық өнері мен өмірінің мазмұны мен мәніндей көріп, көңілінен бір сәт таса етпеген, әрқашан көзінің алдында, жүрегінің басында ұстаған. Осы ретте еске мықтап ұстайтын мынадай жай бар: ақын анығын айтқанда да, тура, қысқа әрі нұсқа айтқанда да,



оны мойындамауға болмайды. Шындықтың алдында елдің бәрі бірдей кішік. Сондықтан аспанның асты мен жердің үсті аралығында шындықтан асқан ұлы нәрсе жоқ.

Шындықты әркім тани алмайды, шындықты әркім айта алмайды, шындықты айтқанды әркім ұната қоймайды. Шындықты сүю, шындықты айтқанды сүю де жұмыр басты пенденің бәрінің қолынан келе беретін іс емес. Шындықты да, шындықты айтқанды да айнымай сүйетін құдірет иесі біреу болса, ол – Құдай, ал екеу болса, біреуі – Құдай, екіншісі – халық. Құдай мен халықтың құдіретінде де, қасиетінде де шек жоқ – екеуі де мәңгілік. Бұлардан басқа, үшінші құдірет иесі қалайда бар, жасауға тиіс болса, ол – Жамбыл. Адам баласы қатарында мұндай құдіретке, мұндай қасиетке жүз жыл бойына тынбай шындық деп соққан, шындық деп жырлаған ұлы жүрек иесі ғана лайықты. Өйткені жүз жыл жасап, жүз жыл жырлау Құдай

мен халықтың сүйікті кісісінің ғана қолынан келмек. Ал жүз жыл жасап, жүз жыл жырлағанда, жай ғана жасап, жай ғана жырламай, жүз жыл бойына шын жасап, жүз жыл бойы шындықты жырлау – мәңгілікпен бірдей құбылыс.

Жамбылдың ақындық мұратының, адамдық, көркемдік-эстетикалық нысанасының сәні мен мәнін танытатын ерекшеліктердің қатарында оның шыншылдық

халық өмірінің шындығын, әділдікті, адамдықты қорғауды басты құралы деп бағалаған. Халық үшін қадірлі, қасиетті істі де ол шындық, әділдік, адамдық таразысымен өлшеді. Ақындық өнер туралы мұндай биік көзқарас Жамбылдың ақындық тұрғысына, шығармашылық концепциясына негіз



ЖӘНЕ ЗАМАН

тұрғысы үлкен орын алады. Ақынның шыншылдығы да, шыншылдығынан туып жатқан сыншылдығы да халық таныған ақиқат құбылыстар мен оқиғаларға негізделеді. Ол қандай қиын-қыстау жағдайда да, ақындығы мен азаматтығы, тіпті өмірі сынға түскен қандай қатерлі шақта да ақиқатты айтқан, сынын да, мадақ сөзін де ақиқат шындыққа бағындырған. Ол қандай алмағайып заманда да тек шындықты айтып, қандай көзді тартып, көңілді арбайтын қыздырмалы, қызықпалы ортада да әділетті ақ жолынан таймай, шынды сындай, сынды шындай қабылдап, өмір құбылыстарының қандайын да шынайы саралап, шыншылдықпен толғаған. Жамбылдың азаматтық абыройы мен суырыпсалма ақындық атағының халық арасына мейлінше кең жайылуының басты себебі осында.

Ақын өзінің шығармашылық өмірінің бастапқы кезеңінде-ақ дүние қуып, мал жиғаннан, бай болып, билік құрғаннан, әкім болып елге тізе батырғаннан халықтың мұңын мұңдап, жырын жырлағанды әлдеқайда адал іс, абыройлы қызмет деп білген. Ақындық өнерді өлең шығару деп қана ұғынбай, шындықты,

болды. Ұлы ақынның мұндай ұлы эстетикалық нысана-тұрғысы талаптары деңгейінен қарағанда, тұрмыстағы пендешілік істің қандайы да: байлық та, билік те баянсыз, опасыз болып көрінеді.

Ақын дүние қызығын, байлық рақатын мансұқ етпейді, елге қайыры жоқ, халыққа пайдасыз байлықты ғана баянсыз, опасыз деп біледі. Байлық тастан қаттыға, боқтан сасыққа бітеді деген ел сөзінде үлкен шындық бар. Маңдай термен келсе де, алдап-арбауға негізделген удай пысықтықпен келсе де, байлықтың аты – байлық, бардың аты – бар. Байдың байға құятыны, байлықтың байлыққа құйылатыны да бекерден бекер емес. Біткен малды бекер шашқаннан кісінің жақсы аты да, жомарт аты да шықпайды. Берекесізге, тексізге жасаған қайыр да бір, құмға құйған су да бір – екеуінен де із қалмайды. Бай болған кісінің мал шашуға діті жетпейтінінің бір себебі осында жататын болу керек. Сонымен қатар байлықтың екі кісінің бірі тани бермейтін айрықша қасиеті бар. Егер байлық адамгершілік негізі берік, тегі таза, кісілік, адамдық уызына жарып өскен, шілдесінде шырақ көрген кісіге бітер болса, онда оның рақаты мен қызығы бүкіл елге жетеді. Егер байлық адамшылық негізі жоқ, уызында жарымаған, шілдесінде шырақ көрмеген бір насқа бітер болса, онда оның рақатын ешкім де көре алмайды. Адамның,



Мәскеу, 26 сәуір 1939 жыл



Мәскеу, 12 қаңтар 1938 жыл



Мәскеудегі метрода, 26 сәуір 1939 жыл

адамдықтың жауы осындай
настардың арасынан шығады.
Жамбылдың қарсы болатыны –
осындай бай мен осындай байлық.

Биліктің де өз буы бар. Ол біреудің
ойына түссе, біреудің бойына түседі.
Уызында жарымаған, негізі жоқ,
шілдесінде шырақ көрмеген біреуге
билік тисе, онда ол билігін кісінің
басына, құдайдың жолына қарап
айтпайды, құлқынының қамына
қарай айтады. Мұндай би мен
мұндай билік – кісінің де, кісіліктің
де хас дұшпаны. Жамбылдың
жек көріп, жер-жебіріне жетіп
айыптайтыны – осындай би мен
осындай билік.

Адам мен заман – Жамбылдың
шығармашылық өнерінің басты
тақырыптық өзегі. Адамның
жақсылығы мен жамандығы,
адамдығы мен надандығы,
адалдығы мен арамдығы сарапқа
түскен шығармаларында ұлы
жырау аз сөзбен, білінер-білінбес
ишарамен-ақ заман тынысы,
заман шындығы жайында үлкен
ой түйеді. Зымыран уақыт жан
біткеннің қай-қайсысын да, ұлысын
да, кішісін де түптің түбінде бір
тізесіне салып илеп, желқомдай
түтіп, түте-түтесін шығарарын
айтумен бірге, кісінің кісілігі, жарық
дүниедегі жақсылығы, адамдығы
оның кісіге жасаған кісілігімен, кісіге
тигізген шапағатымен, елге сіңірген
еңбегімен өлшенетінін де ақын
тебірене отырып толғайды. Жырау
танымына салғанда, адамның
адамдығын сақтап қалатын, оның
өзі өшкенмен, атын өшірмей,
ұрпақтан ұрпаққа алып баратын
күш-құдірет – оның осындай істері.
Кісінің қалған пендешілік істерінің
бірінде де опа жоқ. Мұндай түсінік,
мұндай халықтық негізі берік берен
қағида Жамбылдың шығармашылық
өнері мен өнегесіне өлшеусіз зор
бағалы мазмұн дарытады.

Ел боданда, ер босқында жүрген
заманда да ар ұялардай, ақындық
ождан аяқ асты болардай қылыққа



бармай, шындықты
айтып, шындық
шынарын көкке

өрлету әрбір екі ақынның қолынан
келмейді. Жамбыл алдында отырған
бай-шонжарды да, алдына бітейін
деп тұрған мыңғырған малды да,
қолына қонайын деп тұрған дәулет
құсын да олардың баяндылығына,
өзінің биік адамгершілік мұратына,
халықтық нысанасына сай
байымдап, бағалайды. Жастайынан
ұстанған ақындық мұратына,
шындықты, әділдікті, адамдықты
құрмет тұтқан халықтық танымына
лайықсыз болса, ақын бай мен
байлықты да, дәулет құсын да
қабыл көрмей, сара ойы мен дара
талантының, даналық танымының
құс жолындай сайрап жатқан ақ
даңғылымен самғай береді. Бұдан
біреу басына жұмақ орнатпақ болса
да, әділет жолынан таймайтын,
ар туына дақ түсіруге бармайтын
халықтық ұлы мұрат, халықтық
қайсар қасиет көзге түседі. Жамбыл
– осындай халықтық ұлы мұрат
пен халықтық қайсар қасиеттің
жыршысы. Оның ақындық ұлылығы
осында. Ақындық мұратқа адалдық,
ақындық өнерге адалдық жоқ
жерде, ардың ақтығы мен ожданның
тазалығы да болмақ емес. Қолының
қысқалығына қарамай, Жамбыл
ақындық ар-ождан тазалығын дүние
қызығынан, байлық пен дәулеттен
өлшеусіз жоғары қойды, құдай

берген талантты құдай көрсеткен
жолға жұмсады. Ақынның мұнысын,
мұндай нысана-тұрғысын, дүние-
мүлікке бұрылмай, ақындық ар-
ождан, ақындық абырой, ақындық
ақыл-ой мәртебесін өсірген
даралығын оның өз заманы үшін де,
бүгінгідей парықты нарық билеген
базарлы заман үшін де таң болып,
таң қалып қарайтын таным деген
дұрыс. Мұндай қасиет пенденің
кейпіндегі періштенің де, періште

ЖАМБЫЛ

кейпіндегі пенденің де бойына
бітпейді, ақындық өнерді ардың ісі
деп білген, арын жанынан жоғары
бағалаған, тақтан да, бақтан да
биік қойған, тудай желбіретіп
төбесіне көтеріп ұстаған нағыз
халық данышпанының ғана басына
қонбақ. Өнерді өркендететін,
өнерпаздың өркенін өсіретін
нағыз халықтық асыл қасиет деген
осындай болса керек.

Ұлы жырау шындықты жырлап
қана қоймай, оны жанын салып
қорғады, елі үшін жырын қару етіп,
күреске шықты. Бұл күрес үстінде
көргендері мен көңілге түйгендері
нәтижесінде ақын шындықты,
әділеттілікті, адамдықты олардың
тарихи тегіне сай тану дәрежесіне
жетті, адам тағдырын, заман
құлқын билеп-төстейтін жалпы
заңдылықтарды шығармашылық
сара таныммен байымдау деңгейіне
дейін көтерілді.

Адам мен заман жайын, ел мен
елдік, батыр мен батырлық арасын
толғап, жырлағанда, Жамбылдың
өзі де, жыры да сұңқардай сұрапыл,
қырандай алғыр, тұлпардай жүйрік
сипатымен дараланады. Тіпті ақын
жырлары сұңқар самғап шыға
алмайтын заңғар биікте парлап,
қыран қанатын талдыратын
қияға шырқайды, тұлпар тұяғы

жетпейтін асу-асу белдерден асады. Сондықтан да ақын жырларының сұрапыл тасқыны алдында дүниенің байлығын алдына салып айдап, қорасына әкеліп қамап жүрген байлар да, тұтас аймақты қабағымен бағып, қалт еткізбей ұстаған болыстар да көмейіне құм құйылғандай үнсіз, тым-тырыс қалған. Тау басынан бұрқ-сарқ қайнап тасып шыққан таза бұлақтай асыл жыр өз жолында кедергі-

Анадан тума талант ақын болып туу да, жүз жыл жасап, заман құрсағынан ақынның алыбы болып қайта туу да жұмыр басты пенденің маңдайына жазыла бермейді. Бұл Алланың әмірімен Алланы сүйген құлының ғана пешенесіне жазылады. Жамбыл – Алланың сүйген құлы. Алланың кімді сүйіп, кімді сүймейтінін көріп-білген ешкім жоқ. Алайда, оның Жамбылға ауған ықыласын, берген бағын

ЖӘНЕ ЗАМАН

тосқауыл дегенді білмей, бәрін де бұзып-жарып өтіп, жұрттың жүрегін баурап, көкейіне қонып тұнады, жай тұнбай, өзі баураған жүрек пен өзі қонған көкіректі күндей жарқыратып, гүлдей жайнатып тұнады.

Алып – анадан. Халық даналығы осылай дейді. Ақынның алып болып тумағы – заманнан. Бұл арада анадан алып болып тумаса да, ақын болып туу, «жөргегінде жатқанда-ақ түсіне өлең кірген» тума талант болу қандай қажет болса, сол тума таланттың ақынға айналуы заманның өз талабынан, өз сұранысынан туындауы да соншалықты басты шарт. Олай болмаған жерде қандай тума таланттың да алыпқа, ақынның алыбына айналуы – алмағайып нәрсе. Сондай-ақ бойында туа біткен асыл қасиеті, ақындық асық таланты жоқ, бірақ «әу» деп әуелетіп өлең айтып жүрген қалың қарашоғырдың ешқайсысы да алып ақын бола алмаған, заман олардың ешқайсысын да ақынның алыбына айналдырмаған. Анадан ақын болып қана туған Жамбыл тоқсан жыл жасап, жүзге жүзін бұрғанда, заманның алып шекпенінің жағасынан алып ақын болып қайта туды.

көріп-біліп отырып, Жамбыл Аллатағаланың сүйген пендесі екендігін мойындамау асылыққа апарып соғар еді.

Алланың қалауымен замана құрсағынан ұлы жырау, алып ақын болып туған Жамбыл қазақ ақындық өнерінің даму тарихында алға қарай алып адым жасады. Алып адымды ұлы жыраумен бірге қазақ поэзиясы да алып адымдап алға басып, өз дамуының жаңа дәуірін бастады. Сөйтіп қазақ халқының ақындық ойы, жыраулық өнері бірнеше ғасырлық даму, өркендеу жолын бір Жамбылдың ақындық ғұмырбаяның аясында ғана жүріп өтіп, тарихи ұлы серпіліс, адам айтса нанғысыз ғаламат сілкініс жасады. Мұның өзі қазақ халқының ақындық өнерінің, қазақ халық поэзиясының тұтастай бір қалың шоғырлы таланттарының көзін ашып, көңілін аршыды, елдің ақындық ойын шырқау биікке көтерді.

Сөз өнерінің білгір майталмандарының көпшілігі суреткердің таланты дегенді өмірде жұрттың бәрінің көзі түсе бермейтін, жұрттың бәрі көре алмайтын нәрсені көріп, жұрттың бәрінің көңілі тани алмайтын құбылысты тану деп түсіндіреді. Бұл орайда, әрине, жұрттың көзі көрмейтін нәрсені көріп, жұрттың көңілі тани



Жамбыл Жабаев пен Павел Кузнецов

алмайтын құбылысты танып қана қоймай, солардың бәрін жұрт таба алмайтын мазмұн мен мәнге бөлеп толғаудың маңызы да жоғары екендігінде сөз жоқ. Жамбыл – жұрт көрмеген шындықты көріп, жұрт тани алмаған құбылысты таныған, тек өзінше таныған, жұрт көріп, таныса да, батылы жетіп айта алмаған шындықты батылы жетіп айтқан, тек өзінше айтқан, айтқанда да жұрт таба алмайтын мазмұн мен жұрт келістіре алмайтын пішінге бөлеп айтқан, тағы да тек өзінше бөлеп айтқан ақын.

**Жанғара
ДӘДЕБАЕВ,
әл-Фараби
атындағы
Қазақ ұлттық
университеті
жанындағы
Абай ғылыми-зерттеу
институтының директоры,
филология ғылымдарының
докторы, профессор**



КӨБІМІЗ КИІЗ ҮЙ ТІКПЕК ТҮГІЛІ, ОНЫҢ ЖАБДЫҚТАРЫНЫҢ КЕЙБІРІНІҢ АТАУЫН ДА ҰМЫТЫП ҚАЛДЫҚ. ЖАС БУЫННЫҢ ТІПТІ ХАБАРЫ АЗ. ӨТКЕНДЕ ТҮРКИЯНЫҢ ЖОЙҚЫН ЖЕР СІЛКІНІСІ БОЛҒАН ҚАҺРАМАНМАРАШ ӨҢІРІНЕ ҚАЗАҚСТАННАН ЖЕТКІЗІЛГЕН, ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ЭТНОСПОРТ ҚАУЫМДАСТЫҒЫ МЕН ӨЗГЕ ДЕ ҰЙЫМДАР АПАРҒАН КИІЗ ҮЙЛЕРДІ ТІГУ ОҢАЙҒА ТҮСКЕН ЖОҚ. СОЛАРДЫҢ КӨБІНІҢ БАСЫ-ҚАСЫНДА ЖҮРІП, БАҒЫТ-БАҒДАР БЕРІП ТІКТІРГЕН АЗАМАТТЫҢ БІРІ – АНКАРАДА ДОКТОРАНТУРА ОҚЫП ЖАТҚАН ЖЕРЛЕСІМІЗ ҒЫЛЫМХАЛ МАНАЙҰЛЫ. ТҮРКИЯДАҒЫ ЖАС ҒАЛЫММЕН ОСЫ ТАҚЫРЫПТА ӘҢГІМЕ ӨРБИТІП КӨРДІК.

– Түркияда алапат жер сілкінісі болған өңірлердегі қазақ киіз үйлерінің тігілуін, оларға баспансыз қалған тұрғындардың орналасуын тікелей әлеуметтік желідегі парақшаңызда бөліскен ақпарат, суреттерден көріп отырдық. Ол жақта қашаннан бері тұрасыз, киіз үй тігу жұмысына қалай барып қалдыңыз?

– Түркияға оқу қуып барғалы бір жыл болды. Қазір Анкара қаласында Қажы Байрам университетінде білім алып жатырмын. Негізгі мамандығым – әдебиетші. Бүгінгі таңда білімімді тереңдетіп, ғылым бағытында докторантура оқу үстіндемін. Түркияда жойқын жер сілкінісі болғаннан кейін Қаһраманмарашқа қазақтың киіз үйлері жеткізілетіні, оларды тігуге адам іздеп жатқаны туралы ақпарат құлаққа тиген бойда бірден тарттым. Анкарадан менімен бірге он студент пен бір оқытушы барды. Ыстамбұлдан 20 студент келді. Олардың барлығы мен сияқты Қазақстаннан келіп білім алып жатқан жастар болатын. Өзге де азаматтар бар, жалпы саны 40-тың үстінде болдық. Барлығымыз


бастапқы екі күннің ішінде 65 үйді тігіп үлгердік. 8 басты, 7 басты, 6 басты ағаш үйлерді тігудің жүгі көбіне маған түсетін. Жалпы Қаһраманмарашқа барып үй тігіскен әрбір азаматтың еңбегі ерекше. Бірнеше күннен кейін көбі кетіп, бірнеше адам ғана қалдық. Түріктер көмектесу үшін 10 әскер әкеп берді. Екі аптаға дейін сонда болып, соңғы киіз үйді тігіп, бір-ақ қайттым десем болады. Баспанасыз қалған халықтың көзіндегі мұңды көріп, әрі «қазақтар өздері әкелген үйлерін өздері тіге алмай кетті демесін» деген ой-намыс қамшылап отырды.

– Қанша үй тіктіңіздер?

– Қазақстаннан келген жүздей киіз үймен этноспорт қауымдастығының әкелген темір қаңқалы үйлерін

ТҮРКИЯДА КИІЗ





ҮЙ ТІККЕН ҚАЗАҚТАР

қазақ азаматтармен бірге тіктік. Құрастырылатын үйлер жеңілдеу болды. Ал соның ішінде маған тиесілі болған ағаштан жасалған қазақ киіз үйлері болды. Бұл үйдің айырмашылығы – бұрынғы ата-бабамыздан жалғасып келе жатқан дәстүр, мәдениет бар. Тігілуі, құрылымында өзіндік ерекшеліктері бар. Оны кез келген адам құра алмайды. Тек қолы білетін, немесе көзі көрген азаматтар ғана жасайды. Бұл киіз үйдің кереге, шаңырақ уық, есік, баған, бақандары толық ағаштан жасалған. Ал үзік, туырлық пен түңлік сияқты жабдықтары таза қой жүнінен жасалған оригинал киіз. Өю өрнектері, әшекей бұйымдары қазақтың қол өнер шеберлерінің қолынан шыққан нағыз қазақы нақыштағы өю бедерілермен жасалған. Оның қалай тұруы, қалай құрылуы, бауларының байлануына дейін өзіндік сырлары бар. Адам баласына өмір сүруіне қолайлы, ешқандай зияны жоқ, адам денсаулығы үшін пайдалы, ауа-райының ыстық, суығынан қорғайды, әрі өмір сүруіне қолайлы.



Жалпы бастапқыда киіз туырлықты көшпенділердің елдерінен 500-ден астам үй жетті.

– **Түрік халқы арасында бір кездері ноғай әншісі Арысланбектің домбыра әнінен кейін қара домбыраның қадірі артып еді. Осы жолы киіз үйіміз біршама танылған сияқты?**

– Иә, түрік БАҚ-тарында киіз үйлер туралы көптеп материалдар шығып, халықтың қызығушылығы артты. Тіпті, киіз үй сатып алғысы келетіндердің де саны көбейгенін байқадық. Бізге көп қойылған сұрақ та осы көшпенділердің ерекше үйі туралы болды. Ал Қаһарманмарашта түріктер киізге үйге бірінші баспана ретінде, екінші, қауіпсіздігі үшін таласып-тармасып, қол жеткізіп алып қалуға тырысты. Бәріне бірдей жетпесе де санаулы болса да жүзден астам отбасы орналастырылды. Олар – жақындарынан айырылғандар, және баспанасыз қалғандар. Үйге орналасқан ағайындар дән риза, бар алғысын ризашылығын айтып жатты. Алладан Қазақ елінің амандығы үшін дұға тілеп, рахметін жеткізуде. Бұл бір жағы ағайынның, екі елдің арасындағы достығын нығайта түсті. Қазіргі уақытта Қазаққа деген ризашылығы, құрметі ерекше. Олар тағы да Қазақстан, Қырғызстан мен Моңғолия елдеріне тапсырыс беріп, үйлердің келуін күтуде. Жалпы бауырлас елдерден бастапқы келген 500 үйге, 500-дей отбасы орналастырылған. Қалған ағайындар уақытша ақ шатырларға жайғастырылды. Бірақ олардың көбі киіз үйдің ерекшеліктерін білген соң, киіз үйлерде тұруға деген бәсеке күшейді. Меніңше, алдағы уақытта киіз үйге деген сұраныс арта береді.



ЖАҚЫН БОЛАШАҚ

МЫСАЛ: Олар жақын болашақта жаппай таралыммен шығады.

Орысша *ближайшее будущее* дегенді калькалау. Қазақ тілінің төл табиғатында *жақын болашақ* тіркесі жоқ. Оның орнына жүретін *таяуда, жақында* сөздері бар. Бұл мезгіл үстеулерінің бәрі де келер шақтағы етістікпен тіркескенде,

ЖАНҰЯ

МЫСАЛ: Көп балалы жанұя пәтер жалдай алмай жер төледе тұрып жатқан.

Жанұя – кейінгі жылдары жасалған жасанды сөз. Қазақтың *отбасы, шаңырақ, үйелмен* сияқты сөздері бар. Бірақ *termincom.kz* сайтында бекітілген атауы – *отбасы*.

ДҰРЫСЫ: Көп балалы отбасы.



әлі болмаған, бірақ жақын арада болатын әрекетті білдіре алады.

ДҰРЫСЫ: Олар *таяуда/жақында* көп ұзамай жаппай таралыммен шығады.

ЖАНСАҚТАУ

МЫСАЛ: Жансақтау бөлімдерінің 20 пайызында адамдар емделіп жатыр.

Termincom.kz сайтындағы бекітілген терминдер сөздігінде бұл тіркестің әрбір сыңары бөлек жазылатыны анық көрсетілген.

ДҰРЫСЫ: Жан сақтау.

ЖАПАТАРМАҒАЙ

МЫСАЛ: Адамдар жапатармағай ұмтылды.

Емле қатесі жіберілген. Бұл – *тұс-тұстан ентелей, анталай, киліге, жаппай, бәрі бірдей* сияқты мағыналық сипаты бар қос сөз ретінде танылған бірлік. Екі сыңарының да мағынасы көмескіленген: *жапа* және *тармағай* деген көнерген сөздерден құралады.

ДҰРЫСЫ: Адамдар *жапа-тармағай* ұмтылды.

«СӨЗТҮЗЕР».

Қате қолданыстар сөздігінен



АЛ
ТҮСІНІП
КӨРІ!



Бас редактор –
директор
Срайыл СМАЙЫЛ

Гүлнар АХМЕТОВА
Бас директордың
орынбасары

Ғалия ҚАЛИЕВА
дизайнер/фотосуретші

Кәмшат ТӨЛЕШОВА
офис-менеджер

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Қуаныш НҰРДАНБЕКҰЛЫ редактор

Мақпал НОҒАЙБАЕВА редактор

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ
продюсер-менеджер

МЕНШІК ИЕСІ: «Аманат Медиа» ЖШС

Бас есепші Расима ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй,
№83 кеңсе, 5-кабат

(Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)

Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25

Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)